

Абай облысы бойынша меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшерін белгілеу туралы

Абай облысы әкімдігінің 2023 жылғы 21 сәуірдегі № 82 бірлескен қаулысы және Абай облысы мәслихатының 2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/13-VIII шешімі. Абай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 27 сәуірде № 55-18 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 50-бабының 5-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына және 27-бабының 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес, Абай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Абай облысы мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Абай облысы бойынша меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері осы бірлескен қаулы және шешімінің қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Абай облысы әкімі

Н. Уранхаев

Абай облысы мәслихатының төрағасы

К. Сулейменов

"Абай облысы әкімінің
аппараты" ММ
2023 жылғы 21 сәуірдегі № 82
мен Абай облысы
мәслихатының
2023 жылғы 20 сәуірдегі № 2/13-VIII
бірлескен қаулысы мен
шешімінің
қосымшасы

Абай облысы бойынша меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Абай облысы әкімдігінің 25.06.2025 № 98 бірлескен қаулысы және Абай облысы мәслихатының 25.06.2025 № 28/190- VIII шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

--	--	--

Р/с №	Аудандар атауы	меншікке немесе жер пайдалануға берілетін аталған жерлерді пайдаланудың жергілікті жағдайлары мен ерекшеліктеріне қарай ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің ең аз мөлшері (гектар)			
		фермерлік немесе шаруа қожалығын жүргізу үшін Қазақстан Республикасының азаматтарына		ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін мемлекеттік емес заңды тұлғаларға және олардың үлестес тұлғаларына	
		барлығы	оның ішінде суармалы	барлығы	оның ішінде суармалы
1	2	3	4	5	6
1.	Абай ауданы	4,0	2	4,0	2
2.	Ақсуат ауданы	6,3	2	6,3	2
3.	Аягөз ауданы	9	2	9	2
4.	Бескарағай ауданы	1,5	1,5	1,5	1,5
5.	Бородулиха ауданы	1,4	1,4	1,4	1,4
6.	Жаңасемей ауданы	7	2	7	2
7.	Жарма ауданы	8,8	2	8,8	2
8.	Көкпекті ауданы	2,5	2	2,5	2
9.	Мақаншы ауданы	8,2	2	8,2	2
10.	Үржар ауданы	8,2	2	8,2	2